

## "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 75 Заңы

**1-бап.** "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 21, 773-құжат; 2001 ж., N 13-14, 170-құжат; 2003 ж., N 4, 24-құжат; N 18, 142-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтырылсын:

"ротация - мемлекеттік саяси қызметшілерді мемлекеттік органдардың арасында, сондай-ақ мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің арасында лауазымдық ауыстыру.";

2 ) 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

8) тармақша "қызметшілерді" деген сөзден кейін "даярлады," деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-1), 14-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-1) мемлекеттік әкімшілік қызметшілерден сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін берілген тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастауға келісім беру;"

"14-1) мемлекеттік органдар көрсететін қызметтердің сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;"

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Уәкілетті органның облыстарда, республикалық маңызы бар қалада, астанада тәртіптік кеңестері болады, олар туралы ережені уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.";

3) 10-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы 6-2) тармақшамен толықтырылсын:

"6-2) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;"

4 ) 1 2 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

"Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің", "мемлекеттік әкімшілік қызметшінің" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік қызметшінің", "мемлекеттік қызметшінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен алынбаған тәртіптік

жазасы болған жағдайда, мемлекеттік әкімшілік лауазымға ауысу тәртібімен орналасуына жол берілмейді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өз өкілеттігін доғарған, теріс себептермен доғарғандарын қоспағанда, және қойылатын біліктілік талаптарына сай келетін Парламент депутаттарының, тұрақты негізде жұмыс істейтін мәслихат депутаттарының, мемлекеттік саяси қызметшілердің, судьялардың мемлекеттік әкімшілік лауазымға конкурстық іріктеусіз орналасу құқығы бар. Парламент депутаттарының, тұрақты негізде жұмыс істейтін мәслихат депутаттарының, мемлекеттік саяси қызметшілердің, судьялардың мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.";

5 ) 1 4 - б а п т а :

9-тармақ "уәкілетті орган" деген сөздерден кейін "және оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақтағы "конкурс өткен кезден" деген сөздер "оларды тіркеу күнінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 15-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік әкімшілік қызметке алғаш рет немесе қызметін тоқтатқаннан кейін жаңадан қабылданған, сондай-ақ жоғары дәрежелі санаттағы мемлекеттік әкімшілік лауазымға қабылданған азамат үшін үш айға дейінгі мерзімге сынақ белгіленуі мүмкін.";

7) 16-бап мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Мемлекеттік органдарда кемінде 20 жыл жұмыс стажы бар мемлекеттік әкімшілік қызметшілер тестілеуге жатпайды.";

8) мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

"18-1-бап. Ротация

Мемлекеттік қызметте мемлекеттік саяси қызметшілерді ротациялау жүзеге асырылуы мүмкін. Мемлекеттік саяси қызметшілерді ротациялаудың тәртібі мен шарттарын уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.";

9) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Мемлекеттік қызметтің кадрлар резерві

1. Мемлекеттік саяси және әкімшілік лауазымдарға орналасу үшін мемлекеттік қызметтің кадрлар резерві қалыптастырылады.

2. Кадрлар резервін қалыптастыру және олармен жұмысты ұйымдастыру тәртібі уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Мемлекеттік қызметтің кадрлар резерві туралы ережемен реттеледі.";

1-тармақ мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі";

10) тармақшадағы "еңбек және мемлекеттік қызмет туралы" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтағы "қызметтен" деген сөз алып тасталсын.

**2-бап.** Осы Заң, 2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2) тармақшасының жетінші және сегізінші абзацтарын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*